

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орта кәсіптік оқу орындарына қабылдау ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 16 маусымдағы N 473 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 25 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1585. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 5 тамыздағы № 341 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.08.05 № 341 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орта кәсіптік оқу орындарына қабылдау ережелері қосымшаға сай бекітілсін.

2. ПББ, ПБ, КПББ бастықтары осы ережелерді жеке құрамға оқытуды ұйымдастырсын және олармен оқуға талапкерлерді таныстырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің орта кәсіптік оқу орындарының басшылары қабылдау емтиханын ұйымдастыру және талапкерлерді оқуға қабылдауда осы Ережелердің талаптарын қатаң сақтасын.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаменті (Сүйіншәлиев М.М.) белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-Министрі полиция полковнигі С.Н. Баймағанбетовке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Кадр жұмысы департаментінің бастығы полиция полковнигі М.М. Сүйіншәлиевке жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 265 бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і -
І ш к і ә с к е р л е р қ о л б а с ш ы с ы*

генерал-майор

" К е л і с і л д і "

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м
б і р і н ш і в и ц е - М и н и с т р і*

2001 ж. 14.06.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 1 6 м а у с ы м д а ғ ы
N 473 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
орта кәсіптік оқу орындарына қабылдау
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орта кәсіптік оқу орындарына (ары қарай - колледждер) жалпы орта немесе кәсіптік бастауыш білімі бар, ішкі істер органдары қызметкерлеріне қойылатын талаптарға жауап беретін, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 309 бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің колледждеріне оқуға түсушілер қабылдау емтихандарын қазақ және орыс тілдерінде тапсыра алады.

2-1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің колледждеріне қабылдау азаматтардың өтініші бойынша қабылдау емтихандары немесе ұлттық бірыңғай тестілеу баллдарының нәтижелері бойынша, медициналық, дене бітімі, психофизиологиялық көрсетулері бойынша іріктеу нәтижелерін және бекітілген қабылдау жоспарын ескере отырып конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 309 бұйрығымен.

2-2. Ішкі істер министрлігінің колледждеріне қабылдау кезінде кадр дайындаудың аумақтық қағидасын сақтау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өңірлерге барып қабылдау комиссиялары құрылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өңірлерге барып қабылдау комиссиясының дербес құрамы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту: 2-2-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 25 мамырдағы N 308 бұйрығымен.

3. Жалпы орта білімі бар азаматтар үшін (өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқитын ағымдағы жылғы жалпы білім беретін мектептердің бітірушілері, сондай-ақ бұрынғы жылдарғы) қабылдау емтихандары жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары көлемінде үш пән бойынша өткізіледі.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 25 мамырдағы N 308 бұйрығымен.

4. Тесттік сынақ мына пәндер бойынша жүргізіледі:
0202002 "Құқыққорғау қызметі" мамандығы бойынша:
дүние жүзі тарихы;
Қазақстан тарихы;
Қазақ немесе орыс тілі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 309 бұйрығымен, 2005 жылғы 25 мамырдағы N 308 бұйрығымен.

5. Әрбір пәннен тест сұрақтарының саны 30. Дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады. Кешенді тестілеу пәндерінен алған жауабының жалпы ұпай саны 30 баллдан кем азаматтар курсанттар қатарына оқуға қабылдауға жіберілмейді. Кешенді тестілеуге 2 сағат 15 минут беріледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 309 бұйрығымен, 2005 жылғы 25 мамырдағы N 308 бұйрығымен.

6. Дұрыс жауаптардың кодтары кешенді тест өткізілгеннен кейін ілінуі тиіс. Кешенді тест өткізілгеннен кейін бір тәулік ішінде талапкерлердің назарына тест нәтижелері жеткізіледі.

7. Колледждердің қабылдау комиссиялары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен келісілген мерзімдерде медициналық, дене бітімі және психофизиологиялық көрсетулері бойынша талапкерлерді іріктеуді жүзеге асырады. Кешенді тестілеу, колледждердің курсанттар қатарына қабылдау Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерінде белгіленген мерзімдерде жүргізіледі, олар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 309 бұйрығымен.

8. Азаматтарды Ішкі істер министрлігі колледжінің курсанттары қатарына қабылдау комиссияның ашық отырысында конкурс бойынша медициналық, дене бітімі және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша іріктеу нәтижелерін және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Астана және Алматы қалалары, облыстардағы және көліктегі Ішкі істер департаменттеріне бөлген қабылдау орындарын ескере отырып жүргізіледі.

Конкурс:
ағымдағы жылдың ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) нәтижелері бойынша берілген сертификаттардың баллдары негізінде;
жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандары бойынша берілген сертификаттардың баллдары

н е г і з і н д е ;

оқу орны жүргізген тестілеу нысанындағы қабылдау емтихандарының қорытындылары бойынша алынған баллдары негізінде жүргізіледі.

Қабылдауға конкурс өткізу кезінде ҰБТ-ны немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пән баллдарының сомасы ескеріледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 25 мамырдағы N 308 бұйрығымен.

9. Көрсеткіштері бірдей болған жағдайда: жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар; үздік аттестаты мен білім туралы үздік дипломы бар тұлғаларды оқуға қабылдауға басымдылық құқыққа ие.

Осы ережелерге сәйкес оқуға қабылдануға жеңілдік құқығы бар талапкерлер тиісті құжаттарын тапсыруға міндетті.

10. Қабылдау емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

11. Бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

Тестілеу нәтижелерімен келіспеген азамат апелляцияға беруге құқығы бар.

Апелляция қабылдау комиссиясына түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін бір тәулік ішінде беріледі және оны өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссия қарайды және шешім қабылдайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 25 мамырдағы N 308 бұйрығымен.

12. Қабылдау ережелері және де қабылдау комиссиясының оқуға қабылдауды ұйымдастыру және өткізу, тесті өткізу кестесі, қабылдау мерзімі туралы мәліметтер талапкерлер назарына уақытында берілуі қажет.

13. Орта кәсіптік оқу орындарының қабылдау комиссияларына кешенді тестілеуге қатысқан, басқа колледждерге (училищелерге) және жоғары оқу орындарына конкурстан өтпеген тұлғаларды белгіленген үлгідегі мемлекеттік сертификаттар негізінде қабылдауды жүзеге асыру құқығы беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 309 бұйрығымен.

14. Қабылдау комиссиясының оқуға қабылдау туралы шешімі колледж бастығының бұйрығымен ресімделеді. Қызметтен қол үзіп оқуға қабылданған адамдарды іссапарға жіберуге және сырттай оқуға түскен адамдарды демалыс, басқа да жеңілдіктер беруге бұйрықтың көшірмесі негіз болып табылады.

15. Оқуға қабылданбаған талапкерлер ішкі істер органдарына, ішкі әскерлердің әскери бөлімдерінің қарамағына жіберіліп, қабылданбаған себебі көрсетілген жеке істері қайтарылады.

16. Оқу орындарында сабақтар колледждер оқу жоспарында және оқу процесінің кестесінде белгіленген мерзімдерде басталады. Сабаққа себепсіз 10 күн қатыспаған курсанттар оқудан шығарылады.

Оқудан шығарылғандардың орнына қабылдау комиссиясы сабақ басталған күннен бастап 1 айдың ішінде конкурстан өтпеген адамдарды қабылдай алады.

17. Белгіленген үлгіде оқу орындарына қабылдаудың қорытындысы бойынша статистикалық есеп Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Кадр жұмысы департаментінің оқу орындары және кәсіби даярлық басқармасына оқуға қабылданғаннан кейін он күн мерзім ішінде жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Кадр жұмысы департаментінің Оқу орындары және кәсіби даярлық басқармасы 1 қазанға дейін көрсетілген тәртіпте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қабылдау нәтижелері бойынша қорытындылаған есеп береді.

18. Осы қабылдау ережелерінде кесімделген мәселелерді Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің колледждерінің қабылдау комиссиялары шешеді.